

## **Бракераж комиссиясының жұмысын өткізу нәтижелері бойынша анықтама**

2023ж 25 қаңтар

### **Бракераж комиссиясының құрамы:**

- Абишева А. Т – №15 бебекжай меңгерушісі;
- Шемякина О.В – №15 бебекжай диетепкесі;
- Шеда Т.В - қоймашы
- Нургалиева А. Т – ата - аналар қоғамының өкілі.

**Тексеру мақсаты:** балалардың мәдени - гигиеналық тамақтану дағдыларын тәрбиелеу арқылы салауатты өмір салты туралы құнды түсініктерді қалыптастыру бойынша тәрбие-білім беру процесінің тиімділігін арттыру.

Тексеру барысында мыналар анықталды:

Әр жас тобының күн тәртібін қатаң орындауға сәйкес бебекжайды балаларды тамақтандыруды ұйымдастыру жүзеге асырылады.

Балалардың топтарда тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша жұмысы тәрбиешінің басшылығымен жүзеге асырылатынын педагогтар түсінеді:

- тамақ дайындау кезінде және тамақтану кезінде қауіпсіз жағдай жасауды;
- балалардың тамақтануы кезінде мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастырудың және дұрыс тамақтану балалардың пайдалы дағдыларын қалыптастыратынын, тамақтану мәдениетінің негізін қалайтынын біледі.

Сондықтан барлық жас топтарында тәрбиешілер тамақтануды ұйымдастыруға және ортаңғы топтан бастап асхана бойынша кезекшілікті жүзеге асыруға жағдай жасалады. Топтарда кезекшік бұрыштары, кезекшілік кестесі, атрибуттары (кезекшілерге арналған алжапқыштар, майлыштар, нан салғыштар) бар.

Барлық жастағы топтардың тәрбиешілері балалардың топ өміріне қатысуға деген ұмтылысын тәрбиелейді. Ортаңғы топтың педагогтары балаларға тапсырмаларды өз бетінше орындауға шақырады: балалар үстелдің үстіне – нан салатын ыдысты, қасықтарды қоюға көмектеседі.

Барлық топтардың тәрбиешілері балалардың тамақтану кезінде басшылықты жүзеге асырады: балалардың дұрыс отыруын, балалар үстел басында өзін ұстауға, ас құралдарын дұрыс пайдалануын қадағалайды, дәмді дайындалған тағамға назар аударады, балаларды тамақтандырады, жеке тәсілді жүзеге асырады. Олар тағамдардың атауын айтады, әңгімелеседі, аспазшы тамақ дайындау үшін қандай тағамдарды қолданғаны туралы, сонымен қатар аспазшылардың аты мен әкесінің атын еске түсіреді.

Барлық жастағы топтардың балаларында тамақтану дағдылары қалыптасады: балалар тамақты аздап алу керек екенін, жақсы шайнайтынын, тамақтану кезінде сейлесуге болмайтынын, ұқыпты тамақтанатынын, шашпай, түсірмей жеу керек екенін біледі.

Барлық балалар ас құралдарын, майлыштарды пайдаланады, тамақ үшін алғыс айтады, ересектерге өтініш жасайды.

Балабақшадағы балалардың тамақтануын ұйымдастыру отбасындағы баланың дұрыс тамақтануымен үйлесуі керек. Осы мақсатта әр жас топта "Ас мәзірі" бар, бұл ата-аналарға баланың бақшада күні бойы алған тағамдары туралы ақпарат. Отбасылармен балалардың талғамы мен жеке ерекшеліктері туралы жеке әңгімелер үнемі өткізіліп тұрады (аурулары бар балалар: тамақ аллергиясы, диатез), сондай-ақ балаларда мәдени-гигиеналық дағдыларды тәрбиелеу мәселесі бойынша кеңестер (консультациялар) өткізіледі.

Комиссия мушелері:

Абишева А.Т

Шемякина О.В

Шеда Т.В

Нургалиева А.Т

